**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданыныңбілім бөлімі» ММ-нің «№ 1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Алға қаласы** **31 шілде 2023 жыл**

***Бақылау түрі: өзін – өзі бағалау***

***Негіздеме:***

- Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 11 бұйрығымен бекітілген «2023 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарының тізімі».

2023 жылдың 23 мамыр – 23 маусым аралығында өзін – өзі бағалау өткізілді. Өзін – өзі бағалауды мектеп директорының 2023 жылдың 2 мамыр күнгі № 1 – 49 §3 бұйрығымен бекітілген өзін – өзі бағалау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) өткізді.

Комиссия бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізді, білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жасады.

## I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

***Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақтыорналасқан жерінің мекенжайы)***

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

БСН – 010540002769 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 11 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні – 2001 жыл 3 мамыр.

Заңды мекен – жайы: 030200, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы, Ленин көшесі, 128 үй.

**Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, сайт)**

Тел – факс: 8–7133744308

Электронды адресі: shkola_1_alga@mail.kz,Сайт: http:// Alga1.edu.kz

***Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).***

**Мектеп директоры:** Махамбетова Гульжахан Сагинбаевна 2021 жылдың 5 қаңтарында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің № 1 – 1 § 32 бұйрығымен «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне директор қызметіне тағайындалды (*бұйрық көшірмесі жалғанды*).

***Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар.*** *(заңды тұлғаны мемлекеттік*

*тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғы көшірмесі қоса беріледі).*
Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 11 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 03.05.2001 жыл, БСН - 010540002769. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. (*көшірмесі жалғанды*).
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 469 қаулысымен бекітілген. Жарғы 9 тарау, 72 – тармақтан тұрады.

Мектептің техникалық паспорты 2006 жылы 18 бетте жасалған. Сериясы – қабат саны – 2+жертөле, құрылыс ауданы – 2263,1 м$^2$, ғимараттың ауданы – 18946 м$^2$, жалпы алаң – 3443,1 м$^2$, қабырғалар материалы – силикат кірпіш, табиғи тозу – 23; 27, салынған жылы – 1975 жыл (көшірме жалғанады).

**Рұқсат беру құжаттары** *(білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғандығы туралы хабарламаны жіберу туралы талон).*

Білім беру қызметіне лицензия KZ 19LAA00019744, берілген күні – 21.01.2021, білім беру қызметіне қосымша (негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру қосымшаның берілген күні – 21.01.2021.

# I. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқубағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

## 9. ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР

***1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі –ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**
МДҰ-ның оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына сәйкес әзірленеді. МДҰ жұмыс оқу жоспарының негізінде оқытудың денсаулық сақтау режимін ұйымдастыруды ескере отырып, барлық жас топтары үшін оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі жасалады: ең жоғары рұқсат етілген апталық оқу жүктемесін сақтау; ұйымдастырылған оқу қызметінің және арнайы түзету оқу қызметінің ұзақтығын сақтау; ҰОҚ арасындағы ең төменгі үзілісті сақтау; балалар қызметінің белсендіжәне белсенділігі аз түрлерін кезектестіру. Шаршаудың алдын алу үшін ҰІӘ-не бөлінген уақыттың ортасында динамикалық үзілістер немесе дене шынықтыру минуттары өткізіледі.

**2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары**

МДҰ оқу жұмыс жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгеріс:12.05.2020 №195 бұйрығы) бойынша талапқа сәйкес құрылды.

Жұмыс оқу жоспары бес білім беру саласын қамтиды: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет».

Әрбір білім беру саласы шеңберінде апталық және жылдық жүктемесі бар ұйымдастырылған қу қызметінің түрлері айқындалды.

Инвариантты компоненттің ұйымдастырылған оқу қызметі сағаттарының саны оқу жүктемесінің белгіленген нормаларынан аспайды және кіші топта аптасына 9 сағатты, ортаңғы топта аптасына 11 сағатты, ересек тобында аптасына 12 сағатты құрайды.

**2022-2023 оқу жылында балабақшада**

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіл імінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзегеасырылады:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2) сөйлеуді дамыту;
3) көркем әдебиет;

4) сауат ашу негіздері;
5) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
6) сенсорика;
7) математика негіздері;
8) құрастыру;
9) қоршаған ортамен таныстыру;
10) сурет салу;
11) мүсіндеу;
12) жапсыру;
13) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған ісәрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым- қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық тобында Сауат ашу негіздері аптасына екі рет өткізіледі. Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті,эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет,ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.
«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

Жоспардың вариативті компоненті топтарда келесі бағдарламалар арқылы жүзеге асырылды:

| **Топтар** | **Сағаттар саны** | **Вариативтік бөлік** | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **2020 - 2021 оқу жылы** | **2021 - 2022 оқу жылы** | **2021 - 2022 оқу жылы** |
| Ортаңғы топтар | 1 | "Сиқырлы математика" | "Дені сау болу керемет" | "Дені сау болу керемет" |
| Ересек топтары | 2 | "Ертегілер елінде" "Өмір қауіпсіздік ережелері" | "Таза болса табиғат, аман болар адамзат" "Балдырған музыкант" | "Таза болса табиғат, аман болар адамзат" "Балдырған музыкант" |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мектепалды даярлық топтары | 3 | "Сиқырлы әлем" "Логика" "Ертегілер елінде" | "Сиқырлы әлем" "Логика" "Ертегілер елінде" | "Сиқырлы әлем" "Логика" "Ертегілер елінде" |

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

1. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспары ұсынылады.
2. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы ұйымдастырылған іс – әрекет кестелері.

***2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

МДҰ-ның тәрбие-білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі - ҮОЖ) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу - білім беру процесі:

- жылдық жоспарға
- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторинг жургізуге (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

*Жылдық жоспарды жасау принципі*

Мектепке дейінгі ұйымның оқу жылына арналған жұмыс жоспары нормативтік құжаттар негізінде, сондай-ақ балабақшаның өткен кезеңдегі жұмысын талдау негізінде әзірленеді. Ол бір жылға арналған білім беру процесінің моделіне сүйенеді және мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру жұмысының барлық аспектілерін қамтиды, оның үздіксіздігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның оқу – тәрбие жұмысының жылдық жоспарын құру тактикалық жоспарлауға жатады және мектепке дейінгі ұйымдарды жедел басқару құралы ретінде қарастырылады. Ол осы оқу жылында бүкіл педагогикалық ұжымның жұмысын жетілдіруге ықпал ететін нақты міндеттерді шешуге бағытталған. Жылдық жоспар педагогкадрлардың кәсіби деңгейін ескере отырып жасалады.

Жылдық жоспар - бұл мектепке дейінгі білім беру қызметінің сапасын басқарудың негізгі механизмі.

Жоспарлаудың негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, дамыту және эмоционалдық саулығы мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- педагогикалық ұжым қызметіндегі басты, түйінді мәселелерді айқындау;
- нақты іс-шараларды, олардың орындалу мерзімдерін және жауапты орындаушыларды анықтау;
- ұжым мүшелерінің жауапкершілігі мен тәртіптілігін тәрбиелеу.

Жылдық жоспарда нақты оқу жылындағы міндеттерді шешу үшін бағыттар, міндеттер және іс-шаралар жүйесі айқындалған.

Келесі бөлімдерден тұратын жылдық жоспардың құрылымы біз үшін ең ұтымды болып табылады:

- аналитикалық бөлім
- кадрлармен жұмыс
- ұйымдастыру-педагогикалық және әдістемелік жұмыс
- ата-аналармен өзара әрекеттесу
- мектеппен сабақтастық
- бақылау-талдау қызметі
- әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

Барлық жылдық жоспарларда денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, салалар бойынша білім беру бағдарламасын орындау нәтижелері, түлектердің интегративті қасиеттерінің даму деңгейі, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, ата- аналар мен балалар қауымдастықтарымен, қоғаммен өзара әрекеттесу жүйесі сияқты параметрлер көрсетілген өткен оқу жылындағы жұмыстың талдауы бар. Балабақшаның жылдық жоспары бір оқу жылына жасалады және оқу жылының басында педагогикалық кеңесте бекітіледі.

Жылдық жоспарда аналитикалық қызмет нәтижелері негізінде қызметтің негізгі бағыттары жобаланады, негізгі міндеттер, оларға қол жеткізу жолдары, балабақшаның барлық қызметтерінің өзара әрекеттестігі, нақты іс-шаралар анықталады.
Іс-шараларды кезең-кезеңімен жоспарлау жылдық тапсырмалардың айналы көрінісін қамтамасыз етеді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

1. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы перспективалық жоспарлары;
2. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы циклограммалар;
3. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы күн тәртібі.

***3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Әкімшіліктің негізгі жұмысының бірі кадрлардың құрамын бекіту және олармен сапалы жұмыс жүргізу. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және ұйымның жарғысына сәйкес басшы педагогикалық кадрларды еңбек шарты бойынша қабылдайды.

Оқыту - тәрбиелеу үрдісін сапалы жүргізу мақсатында балабақша барлық педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта балабақшада 13 педагог: әдіскер, ән - күй жетекшісі, дене тәрбиесінің нұсқаушысы, 11 тәрбиеші еңбек етеді. Балабақша штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлар 100% қамтамасыз етілген. Оқу жүктемелері мектепке дейінгі ұйымның нормасына сәйкес.

***2020 – 2023 оқу жылдарында педагогтардың сапалық деңгейі***

| Барлық педагогтар | | 2020 – 2021 (12) | 2021 – 2022 (12) | Динамика | 2022 – 2023 (13) | Динамика |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Педагогтар | 1 | 1 | 0 | 1 | 0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жоғары санат/ Педагог - зерттеуші | % | 8,3 | 8,3 | 0 | 7,7 | -0,61 |
| Бірінші санат / Педагог - сарапшы | Педагогтар | 1 | 1 | 0 | 0 | -1 |
| | % | 8,3 | 8,3 | 0 | 0 | |
| Екінші санат/ педагог - модератор | Педагогтар | 3 | 0 | -3 | 0 | 0 |
| | % | 25 | 25 | 0 | 0 | -25 |
| Педагог | Педагогтар | | | 0 | 7 | 7 |
| | % | | | 0 | 53,8 | 53,8 |

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың негізгі мақсаты - білім беру саласында қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, ең үздік инновациалық педагогикалық тәжірибені жалпылау және кеңінен тарату. Педагогтердің әдістемелік - зерттеу әрекетін ынталандыру, талантты педагогтерді анықтау, оларды қолдау және мадақтау, педагог - зерттеуші еңбегінің беделін арттыру, педагогикалық тәжірибені жалпылау түрлерін жетілдіру, педагогтердің әдістемелік және практикалық қызметін насихаттау болып табылады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау Ережесіне сәйкес аттестация 5 жылда бір рет өткізіледі. Аттестацияның мақсаты: педагог қызметкерлердің еңбегін тиімді бағалау жүйесін құру, олардың кәсіби өсуіне көмек көрсету, біліктіліктерін үздіксіз көтеру, еңбек нәтижесін көрсету. Педагогтер біліктілік санаттарын құрылған кестеге сай әр бес жыл сайын көтереді немесе растайды.

Кестеде көрсетілгендей, педагогтердің сапалық құрамындағы біліктілік санаттарының өзгерістерін көруге болады. 2022 – 2023 оқу жылында балабақшаның педагогтары түгелдей жаңа форматтағы санат біліктіліктерін алған.

***Педагогтердің жас шамасы бойынша құрылымы***

| | 2020 - 2021 | | 2021 - 2022 | | 2022 - 2023 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны | % | саны | % | саны | % |
| Барлық педагогтар | 12 | 100,0 | 12 | 100,0 | 13 | 100,0 |
| 20 жастан 30 жасқа дейін | 2 | 16,7 | 2 | 16,7 | 1 | 7,7 |
| 31 жастан 40 жасқа дейін | 3 | 25,0 | 3 | 25,0 | 4 | 30,8 |
| 41 жастан 50 жасқа дейін | 6 | 50,0 | 5 | 41,7 | 5 | 38,5 |
| 51 жастан 60 жасқа дейін | 1 | 8,3 | 2 | 16,7 | 3 | 23,1 |
| 61 жастан 63 жасқа дейін | 0 | 0,0 | | 0,0 | 0 | 0,0 |

20 жастан 30 жасқа дейінгі педагогтар – 7,7 %; 31 жастан 40 жасқа дейін – 30,8 %, 41 жастан 50 жасқа дейін 38,5 % құрайды. Осылайша, ұжымда бүгінгі таңда орта жастағы педагогтар үлесі көп.

***Педагогтардың еңбек өтілі бойынша мәлімет***

| Жылдар | 2020 - 2021 | 2021 - 2022 | Динамика | 2022 - 2023 | Динамика |
|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | 12 | 12 | 0 | 13 | 1 |
| 1 жылға дейін | 1 | 0 | -1 | 0 | 0 |
| 3 жылға дейін | 3 | 2 | -1 | 1 | -1 |
| 5 жылға дейін | 0 | 2 | 2 | 2 | 0 |
| 10 жылға дейін | 3 | 3 | 0 | 2 | -1 |
| 20 жылға дейін | 2 | 2 | 0 | 4 | 2 |
| 20 жылдан көп | 3 | 3 | 0 | 4 | 1 |

Ең көп топты 20 жылға дейін және 20 жылдан кейінгі жұмыс өтілі бар педагогтар үлесі 41,7 % - ды құрайды.

***Педагогтердің білім деңгейі***

| Жылдар | 2020 - 2021 | 2021 - 2022 | 2022 - 2023 |
|---|---|---|---|
| Барлығы | 12 | 12 | 13 |
| жоғары білімді | 7 | 7 | 8 |
| оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар | 6 | 6 | 7 |
| арнайы орта білімді | 5 | 5 | 5 |
| оның ішінде мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар | 5 | 5 | 6 |
| сырттай оқитындар | 0 | 0 | 0 |

Ағымдағы оқу жылында педагогикалық кадрлар арасында 61,5 % жоғары педагогикалық білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі – 87,5 %. Педагогтердің 38,5 % арнайы орта білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі – 100 %. Осылайша, педагогтердің 100% педагогикалық білімі бар.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелеріне сәйкес балабақша педагогтері жыл сайын жоспар бойынша аттестаттаудан өтеді.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – кәсіби оқыту нысаны. Білім алушыларға сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін педагогтер өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін үздіксіз жетілдіріп отырады. Білімді де білікті мамандардың бойында іргетасы нық қаланған жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін дамыту барысында педагог кадрларының біліктілігін арттыру қарастырылған.

Қазіргі таңдағы ұстаздардың алдында тұрған басты мақсат – ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Сондықтан, балабақшада біліктілік арттыру курстарынан өту кестесі әрбір оқу жылының басында бекітілген, ұжым басшысының қолымен және ұйым мөрімен расталған.

Кадрлармен жұмыс жүргізу барысында міндетті түрде педагогтердің кәсіби құзіреттіліктерін көтеруге, шығармашылық бастамашылдықтарын дамытуға, жаңа педагогикалық технологияларды ізденуге және меңгеруге көңіл бөлінеді. Соңғы 5 жыл ішінде педагогтер педагог біліктіліктерін арттыру курсынан өтті, куәліктері бар.

***Кадр құрамының тұрақтылығы***

| Көрсеткіштер | 2020 - 2021 | 2021 - 2022 | 2022 - 2023 |
|---|---|---|---|
| Қабылданған педагогтер | 12 | 0 | 1 |
| Шығып кеткен педагогтер | | | |
| Сонымен қатар: | | | |
| Өз еркімен | | | |
| Қаланың ішінде: | | | |
| Жалақыға көңіл толмайды | | | |
| Көшкен уақытта | | | |
| Басқа жұмысқа ауыстырылды | | | |
| Толық күнде оқыту | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Денсаулығына байланысты | | | |
| Еңбек тәртібін бұзған | | | |
| Зейнеткерлікпен | | | |
| Жалпы педагог | 12 | 12 | 13 |

Үш жыл ішінде кадрлық құрамның қозғалысын талдай отырып, педагогтердің тұрақты екендігін көруге болады. 2022 – 2023 оқу жылында мектепалды даярлық топтың 1 топқа көбеюіне байланысты 1 тәрбиешіге артты.

***Мектепке дейінгі ұйымның балалар контингенті***

Мектепке дейінгі ұйым қызметін автоматтандыру "eaktobe.kz" порталы арқылы жүзеге асырылады. Балалардың мектепке дейінгі ұйымға түсуі "eaktobe.kz" бағыты бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс рәсімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы МДҰ-ға қабылдау туралы ата-ананың өтініші, МДҰ мен ата-аналар арасындағы келісім шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы тіркеледі. Балалардың тізіміне сәйкес барлық жеке істер бар. Жолдамаларды тіркеу журналдары, балалар қозғалысы кітабы, балалар қозғалысы бойынша бұйрықтар, өтініштерді тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі. Балабақшада жоспарлы 151 бала қамтылған 7 тобы жұмыс істейді.

Топтардың жұмыс тәртібі сағат 8.00-ден 18.00-ге дейін.

***Балалардың тізімдік құрамы***

| **Жас құрамы** | **2020 - 2021** | **2021 - 2022** | **2022 - 2023** |
|---|---|---|---|
| Топтар саны | 6 | 6 | **7** |
| Ерте жас | 0 | | |
| Кіші топ | 15 | 24 | **30** |
| Ортаңғы топ | 12 | 21 | **30** |
| Ересек топ | 14 | 26 | **29** |
| Мектепалды даярлық тобы | 60 | 68 | **62** |
| **Барлық балалар** | **101** | **139** | **151** |

**Тәрбиеленушілердің жынысы туралы мәлімет**

| **Жас құрамы** | **2020 - 2021** | | **2021 - 2022** | | **2022 - 2023** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **саны** | **%** | **саны** | **%** | **саны** | **%** |
| Ұлдар | 49 | 47% | 72 | 52% | 69 | **46%** |
| Қыздар | 55 | 53% | 67 | 48% | 82 | **54%** |
| ***БАРЛЫҒЫ*** | ***104*** | | ***139*** | | ***151*** | |

Осы үш жылдықта 2020 – 2021 және 2022 – 2023 оқу жылдарында қыздардың, 2021 – 2022 оқу жылында ұлдардың саны басым болғаны байқалады.

***Тәрбиеленушілердің ұлттық туралы мәлімет***

| Жас құрамы | 2020 - 2021 | | 2021 - 2022 | | 2022 - 2023 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны | % | саны | % | саны | % |
| Қазақтар | 104 | 100 | 139 | 100 | 151 | 100 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Орыстар | | | | | | |
| **БАРЛЫҒЫ** | **104** | | **139** | | **151** | |

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленіп жатқан балалардың барлығы қазақ ұлтының балалары.

***Балалардың денсаулығы туралы мәліметтер***

| **Аурулардың атауы** | **2020 - 2021** | **2021 - 2022** | **2022 - 2023** |
|---|---|---|---|
| ЖРВ, ЖРА | 12 | 20 | 28 |
| Бронхит | 18 | 17 | 16 |
| Бронх демiпесі | 0 | 0 | 0 |
| Пневмония | 0 | 0 | 0 |
| Ангина | 0 | 0 | 0 |
| Желшешек | 10 | 5 | 4 |
| Басқа арулар | 17 | 13 | 23 |
| Жарақаттар | - | - | - |
| **Барлығы** | **57** | **55** | **71** |

Балалардың балабақшаға қатысу көрсеткіші олардың жиі ЖРВ, ЖРА ауруларымен ауруы қазіргі уақыттағы пандемияға байланысты жиілеп кетті. Аурудың алдын алу шаралары қатаң түрде бақылауға алынып, барлық сақтық шаралар қолданылады және шынықтыру-сауықтыру шаралары жүзеге асырылуда.

***Балалардың балабақшаға қатысуы туралы мәлімет***

| Көрсеткіш | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022 - 2023 |
|---|---|---|---|
| Бала саны | 41 | 66 | 89 |
| Қатысу жоспары | 181 | 180 | 184 |
| Нақты келген күндер | 600 | 720 | 1223 |
| Босатқан күндер | 521 | 711 | 1163 |
| Балалардың орташа жылдық саны | 1343 | 1677 | 2659 |

Пандемия және шектеу кезеніндегі накты катысу нәтижелері бойынша балалар күндерінің саны төмендеуі байкалады .

Төмендегі кестеде балабақша тәрбиешілерінің үш жылда қатысқан шаралары көрсетілген.

***Республикалық облыстық, қалалық көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері***

| № | Конкурс атауы | Қатысушылар саны | Орын | Тәрбиеленушінің аты-жөні | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|---|
| **Халықаралық** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Халықаралық зияткерлік «Пони» Білімпаз байқауы | 19 | І орын | Махмутова Меруерт Жолдасова Айару Базарбай Жанбатыр Аманжан Нұрсұлтан Орынбасар Мирас Сисенбай Бердіхан Ергазин Бекнұр Дюсембин Юсуф Марат Қайсар Қуаныш Данияр Қуаныш Мадияр Қайырғалиев Батыр Жарас Нұриман Құрбанияз Әмина Иванов Есен Бақытқали Амина Махмұт Кәусар Махмутова Ұлжан Алимжанов Алимхан | Конгратбаева Баян Онгарбаевна. Балманова Алия Избасаровна. Турдыкулова Менгдижамал Маратовна. |
| | | 5 | ІІ орын | Онгарбаева Диана Бердібаева Аруна Темірханова Диана Жолдасова Нұржанат Сырымов Ернұр | Конгратбаева Баян Онгарбаевна Балманова Алия Избасаровна Турдыкулова Менгдижамал Маратовна |
| | | 12 | ІІІ орын | Мұрат Бекзат Қабидулла Бағымнұр Сандығали Аяна Асылбеков Абдікәрім Хабидулла Кәусар Ермекбаева Рашида Тюебаева Хатима Бахтиярова Аружан Түгелбаева Раяна Тасқынбай Алихан Шаймова Медина Хайыр Шахиназ | Конгратбаева Баян Онгарбаевна Балманова Алия Избасаровна Турдыкулова Менгдижамал Маратовна. |
| | | 7 | диплом | Оразбай Нұрай Шаймова Медина Хасен Кәусар Қарабек Мария Жамбул Кәусар Хайыр Шахиназ Исатай Мирас | Қожабаева Айымгүл Калкаева Адема |
| **Республикалық** | | | | | |
| 2 | Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» IQ орталығының зияткерлік марафоны | 4 | 1 орын | Өтеген Ислам Мәлік Шахназ Керей Назерке Мұрат Гүлжазира. | Балманова Алия Избасаровна. |
| 3 | «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Мен дарынды | 1 | 1 дәрежелі диплом | Анарбеков Нұр-Тілеу | Калкаева Адема |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баламын» атты сайысы | | | | |

***Қорытынды:*** Балабақша тәрбиеленушілері халықаралық, республикалық және облыстық зияткерлік конкурстар мен іс-шараларға белсенді қатысады, бұл жұмыс ата-аналардың балабақшамен бірлескен жұмыстың нәтижесі және ата-аналардың тәрбие жұмысындағы белсенділік көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар алдағы жылдары жергілікті байқауларға белсенді қатысу жоспарда.

Біздің тәрбиеленушілеріміз халықаралық, республикалық зияткерлік байқаулар, марафондарға облыстық және қалалық іс-шараларға белсенді қатысады.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

Ұсынылған құжаттар:

1. Әдістемелік ұсынымдарға № 2 қосымша - Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәлімет.
2. Әдістемелік ұсынымдарға № 3 косымша – Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы.
3. Әдістемелік ұсынымдарға № 4 косымша – Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен камтамасыз ету туралы мәліметтер.
4. Әдістемелік ұсынымдарға № 5 косымша – Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу – әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер.

***4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері жасалынды. Жалпы балабақшада барлығы 4 мектепалды даярлық тобы жұмыс істейді.

Өткен екі оқу жылымен ағымдағы оқу жылында бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылган. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уакытына жүргізіледі. Сонымен катар, диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысы жүйелі жүргізіледі. Баланы колдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендендіру жұмыстары ұйымдастырылуда.

2020 – 2021 оқу жылында мектепалды даярлық топ – 3. Бала саны - 60. Балаларға жеке даму картасы жасалынды.

2021 – 2022 оқу жылында мектепалды даярлық топ – 3. Бала саны - 62. Жеке даму картасы жасалынды.

2022 – 2023 оқу жылында мектепалды даярлық топ – 4. Бала саны – 68, жеке даму картасы жасалынды.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы бағаланатын кезең үшін мектепалды жас сыныбындағы тәрбиеленушілердің жеке дамуын жоспарлау карталарының көшірмелері.

***5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапкы) болуы жәненәтижелерін талдау;***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Балабақшадағы педагогикалық процесті ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың құзыреттілік тәсілі, сондай-ақ бес білім беру саласы арқылы танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың интегративті тәсілі негізінде қамтамасыз етіледі:

- Денсаулық,
- Қатынас,
- Шығармашылық,
- Таным,
- Әлеумет.

Жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін бақылау процесі біздің балабақшада келесі нормативтік-құқықытық актілерге сәйкес қамтамасыз етіледі:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің әдістемелік ұсынымдары, 2020ж., Нұр-Сұлтан;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі-Стандарт);
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (бұдан әрі – ҮОЖ);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (бұдан әрі - Үлгілік бағдарлама).

**Мониторингтің мақсаты:** Мектепке дейінгі білім беру стандарты мен талаптарынасәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау.

**Міндеттері:**

- мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ дамудинамикасын көрсету;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталғанақпаратты жинау, өңдеу және талдау;
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жекежәне топтық жоспарлау.

**Күтілетін нәтиже:**

- МДҰ-да педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндікбереді;
- баланың даму динамикасын бақылауда бірыңғай тәсілді қамтамасыз етеді.

*Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:*

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартыталаптарын;
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;
- Бақылау парағы мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;
- мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;
- баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, өнімді әрекет түрлерін;
- мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін

есептеуәдістерін;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

*Мониторингтің субъектісі* мектеп жасына дейінгі балалар.

*Мониторингтің объектісі* балалардың жасы мен «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

1) 1 - деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2) 2 - деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3) 3 – деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

*Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:*

- балаларды бақылау;
- әңгімелесу;
- бала әрекетінің өнімдерін талдау;
- жағдаяттар.

*Жетекші әдіс* – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі. Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында:

-бастапқы – қыркүйек;

-аралық – қаңтар;

-қорытынды–мамыр.

Мектеп жасына дейінгі баланың даму мониторингі оның әртүрлі кезеңдегі даму динамикасын тіркеуге, жеке дамуына сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және онымен әрі қарай жұмысты түзетуге ықпал етеді.

Талаптарға сәйкес мониторинг:

- баланың жетістігін шынайы қадағалауға;
- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге;
- педагогтардың түзету шараларын шұғыл жоспарлау негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесін жетілдіруге;
- баланың әрбір білім беру салалары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтас меңгеру деңгейін анықтауға ықпал етеді.

Білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеру нәтижелерінің мониторингі балалардың (1 жастан 6 жасқа дейін) құзыреттілігін дамыту индикаторларының жүйесі негізінде жүргізіледі.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы топтардың бастапқы мониторинг құжаттары (бақылау парақтары, әдіскер жинақ есебі).

***6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының

дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады.

Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталды. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар, қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2020-2021, 2021-2022, оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы топтардың қорытынды мониторинг құжаттары (бақылау парақтары, әдіскер жинақ есебі)

## 10. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ӨЛШЕМШАРТТАР

***1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

**2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарында** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарында белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сақталған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

1. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы әзірленген және бекітілген мектепалды сыныбының оқу жұмыс жоспарлары.
2. Kundelik.kz электронды журналы.

## 11. ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

***1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарында балабақшада топтарды қалыптастыру барысында қойылатын талаптардың барлығы сақталған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

Әдістемелік ұсынымдарға № 3 косымша – Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы.

***2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқуытудың МЖМБС 2 қосымшасына сәйкес туғанннан бастап 1-сыныпқа қабылдағанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар орындалды.Өлшемшарттардың 6-қосымшасына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама

нәтижелері қоса берілді.

**Балабақшада ата-аналармен сауалнама жүргізілді, оның негізгі міндеттері:**

-білім беру мекемесінің және оның педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналардың қанғаттану деңгейін анықтау;

-оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау;

-балабақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау;

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

1. Әдістемелік ұсынымдарға № 3 косымша – Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы.
2. Ұлттық білім беру жүйесінің деректор қоры.
3. Тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару есебі.

**БІЛІМ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ Т.Б. САУАЛНАМАСЫ. ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Өлшемшарттардың 6-қосымшасына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса берілді.

**Балабақшада ата-аналармен сауалнама жүргізілді, оның негізгі міндеттері:**

- білім беру мекемесінің және оның педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналардың қанғаттану деңгейін анықтау;
- оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау;
- балабақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау;

Алынған мәліметтерді талдау мынаны көрсетті:

№ 1 Алға мектеп – бақшасының балабақшасында 7 топ бар. Онда барлығы ***

**Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау.** Қатысқаны – 57

Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың 90% мектепке деген көзқарасы жақсы қалыптасқан. Олардың көзқарасы бойынша сауалнамаға қатысқандардың ішінде 27 оқушы бала бақшаға қуана барса, топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар -27, мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды деп толық-28 ата-ана оң бағаларын берген.

- Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба? деген сауалға-96%,
- Балаларының оқу жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын деген ата – ана - 100%.
- Топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанатынын білдірген ата ана - 96% құрайды.

Демек, ата-аналардың мектепке және топ тәрбиешілеріне деген көзқарастары жақсы қалыптасқан.

**Тәрбиешілердің сауалнама нәтижелері**

Сауалнамаға барлығы 13 тәрбиеші қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша берілген 18 сұраққа жауап берген тәрбиешілер саны 100 % құрайды. Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру және оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдайлар жасалған деген сауалдарға оң көзқараста жауап берілген. Сауалнамада көрсетілген сұрақтарға 99% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, жұмысына қанағаттанған.

**Ұсынылған құжаттар:**

1. Ата – аналардан алынған сауалнама қорытындысы.
2. Балабақша қызметкерлерінен алынған сауалнама қорытындысы.

**ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР:**

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы бағалау өлшемшарттары бойынша 2020 - 2021 оқу жылынан бастап 2022-2023 оқу жылына дейінгі мектеп – бақша жұмысын талдай отырып, құрылған комиссия білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «жақсы» (39 балл) деп бағалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары орындалды.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының өлшемшарттарына сәйкес:

1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес келеді. (барлық бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асырылған.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған.

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері бар.

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) нәтижелері талданған.

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері бар.

7) Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

8) Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар сақталған.

9) Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі - 100 % құрайды.

10) Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі – 92 % - ды құрайды, «3» балға сәйкес келеді.

## II. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

### 12. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП, БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР

***1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу***

***<u>тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі.</u>***

***ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:***

**<u>2020-2021 оқу жылы</u>** 1-4 сыныптар аралығында 12 сынып комплекті, 5-11 сыныптараралығында 15 сынып комплектісіне оқу жоспары және 1 білім алушыға жеке жұмыс жоспары жасалды.

1 – 4, 5 – 9 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

10,11 сыныптары жаратылыстану-математика бағытында оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес жасалды.

**<u>2021-2022 оқу жылы</u>** 1 - 4 сыныптар аралығында 12 сынып комплекті, 5 - 11 сыныптар аралығында 13 сынып комплектісіне оқу жоспары және 1 білім алушыға жеке жұмыс жоспары жасалды.

1 – 4 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы
№415 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарының 1 қосымшасына сай жасалды.
5 - 9 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарының 6 – қосымшасына сәйкес құрылды.

10 сынып жаратылыстану - математика бағытында оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 31 – қосымшасына сай жасалды.

10 сынып жаратылыстану - математика бағытында оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 22-қосымшасы (төмендетілген) бойынша өткен оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары бойынша біріздділік сақталынып, жоспарланды.

**<u>2022-2023 оқу жылы</u>** 1-4 сыныптар аралығында 11 сынып комплекті, 5 -11 сыныптар аралығында 14 сынып комплектісіне оқу жоспары және үйде оқитын 1 білім алушыға жеке оқу жоспары жасалған.

1 – 4 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарының 1 қосымшасына сай жасалды.

5 - 9 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарының 6 – қосымшасына сәйкес құрылды.
10 – 11 сыныптарда жаратылыстану - математика бағытында оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 22 – қосымшасына сай

жасалды.

Сабақтар мен үйірме кестелеріндегі білім салалары бойынша оқу пәндерінің сағат сандары ҚР БжҒ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқк жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

Kundelik.kz электронды журналын тексеру барысында кейбір пәндер бойынша күнтізбелік жоспар жарияланғанымен, бағдарламаның орындалуы бойынша белгі қойылмаған. Өзін – өзі аттестаттау кезінде аталған кемшіліктер анықталып, түзетілді. Кемшілікті жіберген пән мұғалімдеріне ескерту берілді.

***ҚОРЫТЫНДЫ:*** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

Білім беру ұйымының 1-11 кластардағы сабақ кестелері, оның ішінде Kundelik.kz электронды журналынан инварианттық компонент сабақтары, ҚББ бөлімінен вариативтік компонент сабақтарының кестесі бір-біріне сәйкес келеді.

**Ұсынылған құжаттар:**

1. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспары.
2. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы сабақ кестелері.

***2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.***

***ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:***

Білім беру ұйымдағы оқу-тәрбие процесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп ұжымы 2020 – 2021, 2021 – 2022, 2022 - 2023 оқу жылдарында білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру процесін ұйымдастыру барысында «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып, жоспарлы жұмыстар жүргізді.

Мектептің 3 жылдық жұмыс оқу жоспарына және сынып-комплектісінің санына сәйкес әрбір пән бойынша оқу сағаттары оқу бағдарламасы бойынша жасақталып, әр жыл сайын аудандық білім беру бөлімінің басшысымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлемі мектептің жұмыс оқу жоспарындағы сағаттар саны мен мектептің кадрлармен қамтамасыз етілуіне қарай бөлінген. Жұмыс оқу жоспары бойынша әрбір параллель сыныптардың сағат санын есептеу, сонымен бірге белгілі бір пәндер (орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, көркем еңбек, информатика, дене тәрбиесі, цифрлық сауаттылық, өзін-өзі тану) бойынша сыныптарды топтарға бөліп оқыту ескерілген. Топтарға бөлу сыныптағы білім алушылардың санына қарай жүргізіліп, әрбір мұғалімнің оқу жүктемесінің көлемі жұмыс оқу жоспарында белгіленген оқу қызметінің инварианттық және вариативтік компоненттердегі белсенді –қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардың көлеміне сәйкес жасалынған.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің соңғы 2020 – 2021 оқу жылы, 2021 – 2022 оқу жылы, 2022 – 2023 оқу жылы оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың электрондық сынып журналдары

зерделенді. Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесі жағдайды айқындады.

2020 – 2021 оқу жылында ҚР БжҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарына және факультативтерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы № 576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР БжҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары; 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР БжғМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары; 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР БжғМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары; 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР БжғМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен ҚР БжғМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа алынған.

2021 – 2022 оқу жылында білім беру үрдісі 2020 жылы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен ҚР БжғМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» негізінде жүргізілген.

2022 – 2023 оқу жылында білім беру үрдісі ҚР БжғМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» негізінде жүргізілген. 5 – 11 сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсын оқытуды жалғастыруда.

Білім алушылардың оқу пәнінің базалық мазмұнын меңгеру оқу нәтижелеріне бағдарланған. Оқу бағдарламалары білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескерілген. Оқу пәндерінің мазмүны негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы білім мазмұнының үздіксіздігі және сабақтастығы, білім беру мазмұнының академиялық және тәжірибелік бағыттылығы арасындағы теңгерім сақталған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталған жоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

Kundelik.kz электронды журналындағы арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар.

***3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.***

***ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:***

Қазақстандық білім беруді жаңғырту тәрбиені білім берудегі маңызды басымдық

ретінде оқыту мен дамыту процесіне кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің құрамдасы болуын көздейді. Оқытудың өмірмен байланысының күшейтілуі оқыту әдістерінің тәрбиелік ықпалын күшейту туралы, тәрбие және білім беру жұмыстарының бірлігі жайындағы мәселені алдыңғы орынға шығаруда. Тұлғаны қалыптастыру – өзін-өзі ұйымдастыру, отбасы және қоғамдық тәрбиелеу мен ағартудың ұзақ, табанды және мақсатты процесінің нәтижесі.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

**2021 – 2022, 2022 – 2023 оқу жылдары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы, 2019-2024 жылдарға арналған
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары жасақталып, ҚР жалпы орта білім беретін мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіпжүзеге асырылады.

Тұлғаның өзін өзі билеуін, өзін өзі жүзеге асыру, отбасы және білім беру мекемелері педагогикалық ұжымдарының өзара іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тәрбие кеңістігін модельдеу – рухани тұлға қалыптастырудың негізі болады.

Мектеп тәрбие тұжырымдамасының бағыттарын жүзеге асыру үшін үздіксіз жұмыс жасап, жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланың тәрбиеленуі, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайту, қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары мәдениеттілікке және құқық пен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу мақсатында іс-шараларды жүзеге асырды.

**Тәрбие жұмысы төмендегі бағыттарды негізге ала отырып, іске асырылады:**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие ;

2. Рухани-танымдық тәрбие;3.Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық , кибермәдениет және кибергигиена мәдениетін тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

**Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда төмендегі мақсаттар негізге алынады:**

- ✓ Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету;
- ✓ Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету;
- ✓ Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
- ✓ Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
- ✓ Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету;
- ✓ Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;
- ✓ Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту;
- ✓ Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату;
- ✓ Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- ✓ Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Сонымен, аталған оқу жылдарында «Мәңгілік ел» идеясын насихаттау, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Руханият бастауы – көркем – эстетикалық тәрбие», «Ұлы даланың жеті қыры» , «Отан- менің өзімде » , «OTANLife» жобасы, «Ұлан-ғайыр елімді мен танығым келеді», «Отан отбасынан басталады», «Табысты үштік» (мектеп-оқушы-ата- ана) «Тарихи тұлғалар тағылымы» және әдістемелік нұсқау хат бойынша оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде берілген жобалар бойынша шаралар ұйымдастырылып, құжаттары жинақталды.

2021 - 2023 жыл аралығындағы тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарының жылдық жоспары, сыныптан тыс сынып сағатының өткізілу кестесі, атқарылған шаралардың қорытынды талдамасы, оқушылардың

спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері,
«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асырудағы бағдарламасы мен қорытындысы қоса ұсынылады.

**Мектептің тәртіптік - тәрбиелік жағдайы:**

| Оқу жылы | Оқу-тәрбие процесі кезінде білім беру ұйымның аумағындағы білім алушылардың/тәрбиеленуші лердің денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан тіркелген жарақаттану жағдайларының болуы | Суицидтік әрекеттердің саны | Дін жолын ұстанатындар | Білім алушылар жасаған құқық бұзушылықтар дың болуы | Ерте жастан жүктіліктің тіркелуі | Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің байқалуы | ІІБ тіркелген оқушылар | Арыз-шағымдардың тіркелуі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020 - 2021 | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ |
| 2021-2022 | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ |
| 2022-2023 | 1 | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ | жоқ |

**«Қауіпсіз мектеп ортасын» қалыптастыру**

| Оқу жылы | Сыртқы бейне камералар саны | Ішкі бейне камералар саны | Бейне камералардың орталықтан басқарылу мүмкіндігі | Мектеп инспекторы | Ішкі әжетханамен қамту |
|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 10 | 34 | бар | жоқ | қамтылған |
| 2021-2022 | 10 | 34 | бар | жоқ | қамтылған |
| 2022-2023 | 10 | 34 | бар | жоқ | қамтылған |

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Тәрбие бағытындағы бекітілген жоспар талаптарға сай келіп, іс
– шаралар жүргізілген. Құқықбұзушылық, қиын және қиынға бейім оқушылар тіркелгенжоқ.

**Ұсынылған құжаттар:**

1. Тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;
2. Атқарылған шаралардың қорытынды талдамасы.

***4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттар зерделенді. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020-2023 оқу жылдарына арналған білім беру ұйымының басшысымен бекітілген қосымша сабақтар кестелері ұсынылды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» №338 бұйрығының тарауы мен тармақтарына сәйкес «Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру жинақтала келе білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асуын қамтамасыз етеді».

Өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру факторы – кітап оқу. 2022-2023 оқу жылында оқырман белсенділігін қалыптастыру, сөйлеу қызметініңнегізгі түрлерін меңгеру, әртүрлі жанрда әдеби шығармашылық жұмыстар жаза білу қабілетін шыңдау мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жалғасады.

Қазіргі уақытта жан-жақты тұлға болып дамуы үшін сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге «Дебат қозғалысы» іске асырылуда. Мақсаты: заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Жұрт алдында өзін дұрыс ұстай білу, өз ойын еркін жеткізе білетін сенімді тұлғаны даярлау үшін «Сахна әлемі» жоба жоспары жасақталды. Мақсаты: ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқушының өзіндік қабілетін ашу, белсенділігін арттыру, шығармашылықтарын шыңдау.

Білім мен өнерге құштар, нлінің тарихын білетін еңбекқор, сауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан қайсар тұлғаны қалыптастыру үшін «Өзін-өзі басқару» жобасы жасақталып бекітілді. Мақсаты: мектебіміздің мүддесін ойлайтын, салт-дәстүрді қастерлейтін, мектепішілік іс-шараларды өткізуге атсалысу.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбие жұмыс жоспарында рухани адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік- эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағыттары бойынша сабақтан тыс әрекеттің әртүрлі нысандары (сынып сағаты, дебат, сахналық қойылым, шығармашылық кеш т.б) қарастырылып, өткізілді.

**2020 - 2023 оқу жылдары бойынша оқушылардың спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіші**

| Оқу жылы | Оқушы саны | Аудандық | Облыстық | Республикалық | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|---|
| 2020- 2021 оқу жылы | 561 | 4 | 8 | 6 | |
| 2021-2022 оқу жылы | 560 | 13 | 22 | 9 | 2 |
| 2022-2023 оқу жылы | 565 | 7 | 2 | 1 | |

Мектепте аға тәлімгер Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен

жасөспірімдер ұйымының бағыты бойынша қызмет атқарады.

Ұйымның мақсаты өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді, білім мен өзін -өзі жетілдіруге ұмтылысты, іске жауапкершілікпен қарауды, ел тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына қатыстылықты қалыптастыру.

2011 жылдың 7 желтоқсанында ҚР Білім және ғылым Вице-министрі, РҚБ «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Кеңесінің мүшесі М.Сарыбековпен келісілген, РҚБ «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрайымы Н.Бөлтіріковамен бекітілген Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы туралы ережесі шықты. Жұмыс барысында осы ережені және Атырау облысы «Жас Ұлан» ББЖҰ – ның әдістемелік – ақпараттық анықтамалығын басшылыққа алып, жұмыс атқарудамыз.

«Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің өз құқықтары мен міндеттері және атрибуты бар.

«Жас Ұлан» ұйымының мақсат – міндеттерін жүзеге асыру барысында біздің мектептің оқушылары өз үлестерін қосып келеді.

«Жас Ұлан» ұйымы жеті бағыт бойынша жұмыс атқарады.

**Руханият** – жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, көркем – эстетикалық қасиеттерге тәрбиелеу бағыты бойынша «Қарттар – тарих, қазына, ел қазығы»,
«Ғалымда, данада, бас иетін, Ұстазым асыл ғой қасиетің!» тақырыбында кездесу,
«Тәрбие бастауы - отбасында» атты ата – аналар мен оқушылар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

**Отан** – елін, жерін, құндылықтарын сүю, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты бойынша жас ұландықтармен «Тұғырлы елдің – тұлғалы Президенті», «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» тақырыптарында тәрбиелік шараралар, «Менің елім» әскери-патриоттық әндер байқауы, «Ауғанның от - жалыны» атты кездесу кеші ұйымдастырылды.

**Зерде** – зерделі түрде алдына мақсат қойып, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты бойынша «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты тәрбиелікшаралар, жар газеттері шығарылды. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» білім сайысы,
«Жасай бер, қазақ тілі, ана тілім!» атты КТК ойындары ұйымдастырылды.

**Салауат** –бойларын жаман қасиеттерден аулақ ұстайтын, салауатты өмір салтын ұстанған, спортпен шұғылданатын, тәнін түзулікке баулитын бағыты бойынша «Салауатты өмір - нұрлы болашақ», "Менің денсаулығым – менің болашағым" , «Толағай» отбасылық сайысы, "Мен және менің отбасым" тақырыбында отбасылар арасында спорттық сайыс,
«Бақытым да, байлығым да – денсаулық» тақырыбында өнеге сағаты, «Отбасым - байлығым» атты эстафеталық сайыс өткізілді.

**Еңбек** – мектеп қабырғасынан белгілі мамандыққа бейімделу, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту бағыты бойынша «Мамандық – өмір таңдауы» тақырыбында кездесу, «Адамеңбекпен шыңдалады» атты қолөнер көрмесі, «Мен таңдаған мамандық» атты тәрбиелік
шарасы ұйымдастырылды. Сонымен қатар жасұландықтар «Менің көшем, менің аулам, менің Отаным» тақырыбында бейсенбіліктер мен сенбіліктерге қатынасты.

**Экоәлем** – қоршаған ортаны аялау, жан-жануарларға қорған болу, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын бағыты бойынша «Табиғат сенің өз үйің» тақырыбында сурет көрмесі, «Күзгі жәрмеңке», «Күрең күз құдіретіне тағзым еттім»тақырыбында байқау, «Табиғатты аялайық» шарасы аясында мектеп бітіруші жасұландықтар мектеп ауласына раушан гүлдерін отырғызды.

**Жеті жарғы** – жас азаматтарды өзіндік, әлеуметтік тұрғыдан заң білу мәдениетіне,

қоғам алдындағы құқығы мен міндетін түсіндіру бағыты бойынша «Ардагерлерді ардақтайық», «Анаға құрмет» акциялары, «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында кітап бұрышы, «Құқық бұзушылық неден басталады?» түсіндіру шаралары,
«Әділдікті ту еткен жас ұрпақ!» тақырыбында өлең шығару байқаулары өткізілді.

Әр оқу жылына жұмыс жоспары жеті бағыт бойынша жасақталып, осы жоспар бойынша жас ұрпақты өзара сыйластық пен патриотизм, Отанына және халқына адал қызмет ету принципіне негізделген патриоттық тәрбиелеу жөніндегі акциялар, кездесулер, дәрістер, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізілді. Сонымен қатар жасұландықтар мектепішілік түрлі шараларға, қайырымдылық акцияларына белсене қатынасып еріктілер қатарынан көрініп жүр.

«Ұланымын елімнің», «Біз Тәуелсіз елдің ұланымыз» тақырыптарында өткізілген шара барысында 3 және 5 сыныптың оқушылары жыл сайын желтоқсан және мамыр айларында «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданады. 2021 – 2023 жылдар арасында
«Жас Ұлан» қатарына 120 оқушы, «Жас Қыран» қатарына 112 оқушы, барлығы 232 оқушы «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданды. Қазіргі уақытта мектеп бойынша
«Жас Ұлан» қатарында 304 оқушы, «Жас Қыран» қатарында 168 оқушы, барлығы 472 оқушы бар.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Сабақтан тыс іс – әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру талаптарға сәйкес келеді, білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс – әрекетін «Өзін – өзі басқару»,
«Оқуға құштар мектеп», «Сахна әлемі», «Дебат қозғалысы» нысандары жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

**Ұсынылған құжаттар:**

- сынып сағатының кестелері, сынып жетекшілерінің жетістіктері мен біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы ақпарат;
- атқарылған шаралардың қорытынды талдамасы;
- оқушылардың спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері;
- «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асырудағы бағдарламасы мен қорытындысы.

***5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылған. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесі ұсынылған. Білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдаған. Оқытудың бейінін таңдау кезінде білім алушының қызығушылығы, бейімі мен қабілеті ескеріле отырып, білім алушының тұратын аумағын ескерместен баланың заңды өкілінің келісімімен білім алушының жеке өтініші және негізгі орта білім деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының болуы негізінде бейінді мектептің 10 немесе 11-сыныптарына қабылданып, бейінді оқыту нәтижелі іске асырылған.

**ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сай келеді.**

**Ұсынылған құжаттар:**

2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспары.

***6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру мақсатында оқу жоспарлары мен бағдарламалары жасақталды.

2022 – 2023 оқу жылының басында 1 - 11 сыныпқа 565 оқушы тартылса, оның 1 –уі үйден оқитын оқушы. Сонымен қатар, 9 оқушы ерекше білім алуды қажет ететін білім алушылар қатарынан.

**Үйден оқитын оқушылар туралы мәлімет:**

| № | Оқушының аты жөні-тегі, туған жылы мектепке барған жылы | Сыныбы | Ұсыныстар пмпк/ппкк | Үйден оқитын оқушыға құрылған оқу жоспары |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дарханұлы Нұртас Досанұлы 20.04.2010 ж 01.09.2016 ж | 6 класс | Детский церебральный паралич. гипертенетическая форма средней степени тяжести.экстрапирамидная форма дизартрии. Ғ-83. ОНР I-II уровня | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 55-қосымша |

Мектептің үйде оқитын білім алушыларына арналып жасалған оқу жұмыс жоспарларында білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

**Ерекше білім беру:**

2021 – 2022 оқу жылында 7 оқушы, 2022 – 2023 оқу жылында 9 оқушы жалпы оқыту бағдарламасына сәйкес білім беру жүзеге асырылды

2022 – 2023 оқу жылында мектепке келіп жалпы білім беру бағдарламасымен оқитын облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің шешімімен ерекше білім беру қажеттілігі бар 9 білім алушы бар.

| № | Білім алушынықаты жөні-тегі | сыныбы | ПМПК қорытындысы |
|---|---|---|---|
| 1 | Махмут Әли | 1 | Обучение по общеобразовательной учебной программе с индивидуальным подходом и индивидуальному учебному плану |
| 2 | Омарова Айдана | 1 | Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе |
| 3 | Көшербаева Кәусар Баубекқызы | 2 | Обучение по адаптированный общеобразовательной учебной программе. Изменение способов оценивание учебных достижении |
| 4 | Нұрмұханов Нұржан | 2 | Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе |
| 5 | Амантай Абдурахим Байғалиұлы | 4 | Обучение по общеобразовательной учебной программе с индивидуальным подходом |
| 6 | Медетов Исмайл Гумарұлы | 6 | Обучение по индивидуальной учебной программе с индивидуальным подходом |
| 7 | Мухамедьяров Роман | 7 | Обучение по общеобразовательной учебной программе с индивидуальным подходом и индивидуальному учебному плану |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Боранбаев Тілеухан Бисенбайұлы | 7 | Обучение по общеобразовательной учебной программе с индивидуальным подходом |
| 9 | Муратова Динара | 10 | Обучение по общеобразовательной учебной программе с индивидуальным подходом |

Білім беру ұйымында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы Заңының 8-бабына 5-тармағы «Денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастырылады» және 6-тармағы «Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді» талаптарына сәйкес келеді.

**ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сай келеді.**

**Ұсынылған құжаттар:**

1. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы оқу жұмысжоспары.
2. Жеке оқу жұмыс жоспары.

***7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Осы өлшемшарт бойынша талдау ушін ұсынылган құжаттарды зерделеу кезенінде, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020 -2021 оку жылы, 2021 - 2022 оку жылы, 2022 - 2023 оку жылдарына басшымен бекітілген косымша сабактар кестелері бар.

2020 - 2021 оку жылы мен 2021 - 2022 оку жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудін барлык деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығынын 3-косымша 1-тарау 1-параграф 18-тармағына сәйкес «Міндетті оку пәндерін окытумен катар элективті курстар, сыныптан тыс сабактарды өткізу, білім алушылардын ғылыми жобаларга катысуы көзделген» сәйкес ЖББ ҮОЖ сәйкес жузеге асырылатын вариативтік компоненттін факультативтері мен тандау курстарын іске асырылған.

2022-2023 оку жылында білім беру үрдісі Қазақстан Республикасы Оку - ағарту министрінің 2022 жылгы 3 тамыздагы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалык және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, ҚР БжғМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердін, тандау курстарынын және факультативтердін үлгілік оқу бағдарламалары» негізінде жүргізілген. 5 – 11 - сыныптар аралығында «Жаһандык құзыреттер» тандау курсын окытуды жалғастыруда.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№1 Алға мектеп – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бағаланатын кезенде вариативтік компоненттің факультативтері мен тандау курстары окытылып, сабак кестелері мектеп – бақша директорымен бекітілген.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Талаптарға сәйкес келеді. ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асырылатыны анықталды.

**Ұсынылған құжаттар:**

1. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары.
2. 2020 – 2021, 2021 – 2022 және 2022 – 2023 оқу жылдарындағы вариативті компонеттің сабақ кестелері.

***8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру***

**ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

